

М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша бракераждық комиссия отырысы

ХАТТАМА № 1

Бүгін, 10 қыркүйек 2024 жылы, М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг мен бракераждық комиссияның отырысы болды.

Қатысқандар – 7

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылындағы мектептегі тамақтану жағдайы мен сапасын бағалау үшін бракераждық және мониторингтік комиссиясының құрамын таныстыру, жылдық жұмысын жоспарлау
2. 2024-2025 оқу жылына асхананың дайындығы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Б.Бакишева сөз алды.

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрық 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес ата-аналар өтініші негізінде, 1-4 білім алушыларын тегін мектеп тамағымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы, Ақтөбе облыстық мәслихатының 28.04.2023 жылғы №13 шешімін, Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 4 отырысының шешімін негізге ала отырып шығарылған мектеп директорының №245 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 2 қыркүйегінен бастап 5-11 кластар бойынша 118 оқушы, 1-4 кластар бойынша 692 оқушы тегін тамақтануда. Мектебімізде бір күнде 810 бала тамақтанады. 5 рет тамақтану кезеңі кестеге қойылған. Әлеуметтік педагогтар мен мектеп мейірбикесі қадағалайды. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, мектеп асханасының ас блоктарында дайын тағамдар сапасын органолептикалық бағалау жүргізу мақсатында 02.09.2024 жылы № 246 бұйрығымен бракераж комиссиясы құрылды.

Комиссия төрағасы мектеп директоры: Д.Н.Кудайбергенов

2. Комиссия мүшесі ДТДЖО: Е.А.Наренов

3. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Қ.Қ.Табаналы

4. Ата-аналар комитетінің төрайымы: М.Шукуралиева

5. Комиссия мүшесі мектеп мейірбикесі: З.Байтохина

6. Комиссия мүшесі ДШЖО: Г.М.Утарова

7. Комиссия мүшесі әлеуметтік педагог: Б.К.Бакишева

Мақсаты: тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуын, асхананың санитарлық жағдайын, аз мәзірі мен азық – түліктердің сапасы мен сақталуын бақылау. Сонымен қатар, бракераж комиссиясының жылдық жоспарын бекіте отырып, білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің өз деңгейінде жүргізілуін қатаң бақылауға алынатынын мәлімдеді. Комиссия мүшелеріне мектеп асханасының жұмыс режиміне сай жұмыс жасауын, тамақтану нормаларының сақталуын, асхана тазалығын, тағамдардың дұрыс берілуін бақылау жүзеге асырылу керектігі, Ас блогындағы, асхана жұмысының ұйымдастырылуы, тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын, өнімдерді өткізу мерзімдерін, тамақ дайындау сапасын, тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігі, ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау керектігі түсіндірілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Е.А.Наренов

Асхана қызметкерлерінің жұмысқа рұқсат етілген санитарлық кітапшалары бар, мерзімі жарамды. Тұрмыстық бөлмелері таза, асхана жұмысына қатысты журналдарын медбике толтырған. Жыл басынан бері барлық жазбалар түсірілген. Тексеру сәтіндегі күндік ас мәзірі перспективалық ас мәзірімен сәйкес келеді. Мектеп оқушылары үшін ауыз су мәселесі қарастырылған.

Тамақтардың сақталуы жақсы. Ұн, макарон, күріш, жарма т.б. өнімдері арнайы ыдыстарда сақталған және жерден биік жерге қойылған. Барлық ыдыстардың маркировкалары бар, ас блогында пайдаланылатын ыдыстардың барлығы таңбаланған. Раквиналары таза, асхана қызметкерлерінің ауысымды халаттары ілінген, қоқыс тастайтын контейнерлері бар, тамақты тасымалдау жұмысы жақсы. Тоңазытқыштар таза, жуылған, санитарлық жағдайы жақсы. Қолданылатын ыдыс-аяқтар саны жеткілікті, тексеру кезінде сынған, зақымданған фактілер анықталған жоқ.

Табаналы Қ – Қамқоршылық кеңес төрағасы

Бүгінгі кезекті тексеру барысында анықтағанымыз: күнделікті ас мәзірі ілінген. Асхана іші таза, жуылған. Ас ішетін столдардың үсті таза, сүртілген, оқушыларға жақсы жағдай жасалған. Тамақты құю нормасы сақталған, тоңазытқыш іштері таза, күндік норма алынған. Асхана қызметкерлері тарапынан барлық тиісті сұрақтарға жауап алдық. Мектеп медбикесінің жүргізген журналдарын тексердік. Барлық журналдар уақыты жүргізіліп отыр, тігілген, шнурланған, мөрмен расталған. Асханада 2 стенд орнатылған, онда тамақтануға қатысты барлық ақпараттар бар. Асхана қоймаларын тексеру кезінде кемшіліктер анықталған жоқ. Тамақтар жабық ыдыста сақталған, маркировкалары бар. Қазір қоғамда балалар мен жасөспірімдердің дұрыс тамақтануы басты назарда болғандықтан, барлық сақтық шараларын қатаң бақылауда ұстауымыз қажет.

. Тамақтардың құйылу нормасын бақыланды. Тамақтардың дайындалу сапасы жақсы, нормаға сәйкес болды. Дайын өнімдер мен шикі заттардың сақталу орны таза. Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау шарттары мен мерзімдері талапқа сәйкес тағамды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыштардың жұмыс жасауы қалыпты. Тамақтардың сақталуы, тауар көршілестігі сақталды.

Қаулы:

1. Комиссия қарау нәтижесінде асхана жұмысын қанағаттанарлық бағалансын;
2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін жеңілдікпен тамақтандыру санитарлық талаптарға сай жүргізіліп, а уақытта да мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақылауда болсын

Ұсыныс:

1. . Әр айда бракераждық комиссияның құрамына ата-аналардың мүл өзгертіле отырып, жұмыс жоспары, актілері, тағамдардың суреттер перспективалық күнделікті ас мәзірі әлеуметтік желілерде ашық жариялансын.

Комиссия төрағасы:

Д.Н.Кудайберген

Хатшы:

Б.К.Бакишева